



# КЕҢ ЖҮЛОЙ



№33 (8081) 8 тамыз, 2023 жыл.

Газет 1933 жылғы 4 қазаннан шыға бастады

www.facebook.com/kenzhyloi  
ken\_jyloi\_gazeti

\* Әлеуметтік қолдау

## АУДАН МЕДИЦИНАСЫНА – АЛТЫ КӨЛІК

Биыл ауданымыздың құрылғанына – 95 жыл. Киелі мекен-КеңЖылыойдың мерейтойына орай «Теңізшевройл» ЖШС ауданымызға алты жедел жәрдем көлігін салтанатты түрде сыйға тартты. ТШО-ның үкіметпен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі бас менеджері Дәрмен Аронов тұрғындарды айтулы мерекемен құттықтап, жергілікті медициналық нысанға арнайы көліктің кілтін табыс етті. Ауруы асқынып, дерті дендеп, дәл-сал күй көшкен жан алдымен жедел жәрдемге жүгінеді. Ажал апанынан аман алып қалар ақ желекті жандар қас пен көз арасында құстай ұшып жетіп, дертке дәрмен табуы – жедел жәрдем қызметкерлері үшін басты қағида.



3-БЕТ

\* Рухани ынтымақтастық



## ҰЛТ ТӘРБИЕСІ – МАҢЫЗДЫ ІС

Аудандық Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен «Ана-бітімгер» Атақырыбында отырыс өтті. Оған Ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Нұрмаханова мен облыстық Ішкі саясат бөлімінің «Қоғамдық келісім» КММ-нің аудандағы сарапшысы А.Сыдықова, кәсіби медиатор Ж.Әбдіғалиева, Аналар кеңесінің мүшелері мен аудандық білім беру бөлімінің қызметкерлері мен психологтары қатысты.

Отырыс барысында ұрпақ тәрбиесі, қоғамдағы жастар арасында болып жатқан келенсіздіктер мен жаңұларды ажырасуға дейін апаратын дау-дамайлардың себептері мен оларды шешу туралы көптеген әңгімелер талқыланды. Қоғамдық ұйымдар алдағы уақытта да жұмыстары нәтиже беруі үшін жоспар бойынша жүйелі түрде жұмыстарын атқара бермек.

Өз тілшіміз

Бүгінгі санда:

## ҚАРАШҮҢГІЛДЕН БАСТАЛҒАН ҚАРА ҚАЙНАР



4-БЕТ

\* Баспасөз - 2023



«КЕҢ ЖҮЛОЙ» ГАЗЕТІНЕ БАЛАМАЛЫ ТҮРДЕ АРЗАН БАҒАҒА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ:  
6 айға - 1400 те. Индекс: 65583

